

ISSN 2073-333X  
МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№5/4 2020

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ**  
**НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА**  
**SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN**



1992



**SILKWAY**  
**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ**  
**УНИВЕРСИТЕТІ**

<b>Khujaahmedova Dinara Nurbayevna, Umirzakova Meruert Amangeldievna</b> THE NOTION OF HIGH-CONTEXT AND LOW-CONTEXT CULTURES AND INTERCULTURAL COMMUNICATION COMPETENCE .....	252
<b>Мамырбаева Багила Сагинбаевна, Kyrgyzbaeva Razia Duanbekovna</b> APPLICATION OF CROSS- CULTURAL COMMUNICATIVE THEORY TO BUSINESS COMMUNICATION .....	257
<b>Мамырбаева Багила Сагинбаевна, Налибаев Абдулахаб Захирович</b> ВЕРБАЛИЗАЦИЯ КОНЦЕПТОСФЕРЫ CHEEK – ЖАҚ, CHIN – ИЕК И FOREHEAD – МАҢДАЙ В АНГЛИЙСКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ .....	262
<b>Мырзатаева Гульмира Нуржановна, Артыкбаева Фазила Ильмаровна</b> СОВРЕМЕННЫЕ ВЫЗОВЫ ПОДГОТОВКИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ К РАЗВИТИЮ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ .....	265
<b>Оразақынқызы Фарида, Анипина Алия Кәркенқызы, Бисенбаева Жанат, Умарбекова Гульбохор Тулашбековна</b> ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ .....	269
<b>Темирбекова Гулжамилә Қамбарбекқызы, Бейсенбаева Раушан Хамзаевна</b> АНТИКАЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ӘҢГІМЕ ЖАНРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ .....	273
<b>Tursunova Tyrna Zhamantaevna, Yussupova Guzal Tadjikhanovna</b> LINGUISTIC PECULIARITIES OF BUSINESS LANGUAGE IN CROSS-CULTURAL COMMUNICATION .	277
<b>Юсупов Абдулла Юсупович, Бекназарова Раушан Кадырбековна</b> ВЕРБАЛИЗАЦИЯ КОНЦЕПТОСФЕРЫ MOUTH (LIP) – АУЫЗ (ЕРІН) В АНГЛИЙСКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ .....	283
<b>Яковенко Людмила Константиновна, Раимов Абдурасул Бахадырович</b> ЯЗЫКОВАЯ ЛИЧНОСТЬ УЧИТЕЛЯ (ПО ДАННЫМ АНКЕТИРОВАНИЯ) .....	286

#### **ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМЫ – НАУКА ОБ ИСКУССТВЕ – ART SCIENCE**

<b>Бакирова Гульмира Абилпатташовна</b> КӘСІПКЕ БАУЛУДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ .....	291
<b>Бакирова Гульмира Абилпатташовна</b> КӘСІПКЕ ДАЙЫНДЫҚ БАҒЫТЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫ ҰҒЫМДАРЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘНІ .....	294
<b>Бакирова Гульмира Абилпатташовна</b> ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЮ-ӨРНЕКТЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ .....	297
<b>Бакирова Гульмира Абилпатташовна</b> СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІПКЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҰЛТТЫҚ КИІМ ҮЛГІСІН ӨЗІРЛЕУ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ .....	300
<b>Тулөпов Лесбек Абдешович, Мауленбердиева Гулжан Бауыржановна</b> ЭФФЕКТИВНЫЕ ПУТИ ПОЗНАНИЯ ПРОИЗВЕДЕНИЙ ДЕКОРАТИВНО-ПРИКЛАДНОГО ИСКУССТВА КАК ЧАСТЬ ЭСТЕТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ ШКОЛЬНИКОВ .....	303
<b>Тулөпов Лесбек Абдешұлы, Мирсалиева Нилюфар Бабыржановна</b> ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕСІНІҢ ӨНЕРДЕГІ ЕРЕКШЕЛІГІ .....	307
<b>Тулөпов Лесбек Абдешович, Мусакулов Хусан Толендиевич</b> ОБЪЕКТ СТУДЕНЧЕСКОГО ПРОЕКТИРОВАНИЯ – КАЗАХСКАЯ ДОМБРА .....	311
<b>АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ – СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ – INFORMATION ABOUT AUTHORS .....</b>	<b>316</b>



**Оразақынқызы Фарида**  
Ph. D., филол ғ. к.,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

**Анипина Алия Кәркенқызы**  
докторант,  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

**Бисенбаева Жанат**  
доктор PhD, ассоциированный профессор

**Умарбекова Гульбохор Тулашбековна**  
магистрант,  
Silkway Халықаралық университеті  
E-mail: aliyaanipina80@gmail.com

## ШЕТЕЛ ТІЛІ САБАҒЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ

**Түйін:** Ерте замандағы қоғам, өмір, болған оқиғалар жайлы біраз мағлұматтарды біз мақал мен мәтелден аламыз. Мақал-мәтел – айрықша микроәлем, ата-бабамыздың кейіңгі ұрпағына қалдырған қысқа әрі нұсқа сөз тіркестерінде адамгершілік заңдылықтары мен терең мағыналар жатқанын аңғартады. Сондықтан мақал-мәтелдер тілімізде ерекше орынға ие.

Берілген мақаланың өзектілігі – кез келген шет тілін үйренгенде сол елдің мәдениетімен танысу қажеттілігі туады, сол себепті студент мақал-мәтелді үйреніп қана қоймай, сол тілде сөйлейтін ұлттың мәдениетімен де танысады.

**Түйінді сөздер:** мақал-мәтел, мәдениет, риторика.

**Оразақынқызы Фарида**  
Ph. D, к. филолог. н.,  
КазНУ имени аль-Фараби

**Анипина Алия Каркеновна**  
докторант,  
КазНУ имени аль-Фараби

**Бисенбаева Жанат**  
доктор PhD, ассоциированный профессор

**Умарбекова Гульбохор Тулашбековна**  
магистрант,  
Международного университета Silkway  
E-mail: aliyaanipina80@gmail.com

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПОСЛОВИЦ НА УРОКАХ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА

**Аннотация:** Мы получаем много информации о древнем обществе, жизни, событиях из пословиц и поговорок. Притчи – это особый микрокосм, что означает, что короткие и вариативные фразы, оставленные нашими предками следующему поколению, содержат моральные законы и глубокие значения. Вот почему пословицы занимают особое место в нашем языке.

Актуальность данной статьи заключается в том, что при изучении любого иностранного языка необходимо знакомиться с культурой этой страны, чтобы студент не только выучил пословицы, но и познакомился с культурой нации, которая говорит на этом языке.

**Ключевые слова:** пословицы, культура, риторика.

**Orazakynkyzy Farida**  
Ph. D, candidate of philology,  
al-Farabi Kazakh National University

**Anipina Aliya Karkenovna**  
doctoral student,  
al-Farabi Kazakh National University

**Bissenbayeva Zhanat**  
doctor PhD, associate professor

**Umarbekova Gulbohor Tulashbekovna**  
Master,  
Silkway International University  
E-mail: aliyaanipina80@gmail.com

## USE OF PROVERBS IN FOREIGN LANGUAGE LESSONS

**Abstract:** We get a lot of information about ancient society, life, events from proverbs and sayings. Proverbs are a special microcosm, which means that short and varied phrases left by our ancestors to the next generation contain moral laws and deep meanings. That is why proverbs occupy a special place in our language.

The relevance of this article lies in the fact that when studying any foreign language it is necessary to get acquainted with the culture of this country so that the student not only learns proverbs, but also gets acquainted with the culture of the nation that speaks this language.

**Key words:** proverbs, culture, rhetoric.

Тілді білу – өмірді үйрену. Шеттілін оқыту ба-рысында мақал-мәтелдерді қолдану маңызды. Себебі, мақал-мәтелдер халықтың тарихымен, дәстүрімен және ұлттық дүниетанымын насихаттайды. Мақал-мәтелдерді қытай тілінде еркін сөйлеу деңгейіне жеткен 3-4 курс студенттеріне көбіне тілді одан ары дамыту мақсатында, қытай тілінде еркін және көркем сөйлеуге дағдыландыру үшін қолданады. ҚР-ның алып көрші ҚХР-мен экономикалық, мәдени қарым-қатынасы жылдан жылға жақсаруда. Сол себепті қазіргі жастардың қытай тілін үйренуі ерекше қарқынмен жүзеге асуда. Осыған орай, қытай тілін үйрететін отандық жоғары оқу орындарының оқытушылары қытай тілінің грамматикасына, синтаксисіне, морфологиясын оқытатын оқулықтар жарыққа шығарып жатыр. Қытай тілін үйреніп жатқан студенттер тілді меңгерумен қатар, тіл арқылы Қытай халқының мәдениетін, салт-дәстүрін де меңгеруде.

Тілдің байлығын, көркемдігін көрсететін – мақал-мәтелдер. Олай болса, студенттің сөздік қорын байытудың тиімді жолының бірі – мақал-мәтелдерді қолданып сабақ өту. Ал оны жүзеге асыру үшін мақал-мәтелдер сөздігін жасау керек. Әр студентте мақал-мәтел сөздігі болса, күнделікті қолданысқа өте пайдалы. Студент мақал-мәтел сөздігін аудиториядан тыс уақытта естіген, оқыған мақал-мәтелдермен толықтырып отыруына болады. Студенттің тілдік қорын байыту – тілді дамытуға апарар жол. Себебі, қытай тілінде сөздік қоры жеткілікті студент өз ойын нақты жеткі-

зуге мүмкіндігі болады. Сондықтан да кез келген шеттілін оқыту үшін сөздік қорды байытуға ерекше назар аудару керек. Сөздіктегі қытай тіліндегі мақал-мәтел қасына қазақ тіліндегі баламасын тауып қосса, екі ұлттың мақал-мәтелдеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата алады. Өйткені, Қытай және қазақ ұлттары екі түрлі әлемде өмір сүреді. Ұстанатын діндеріне, тұрмыстық жағдайларына байланысты екі ұлттың мақал-мәтелдері мазмұны жағынан екі түрлі. Көшпенді қазақ халқының негізгі кәсібі мал шаруашылығы, қытай халқы ауылшаруашылығымен айналысқан. Сондықтан қазақ халқы төрт түлік малды мақал-мәтелдерінің бір тақырыбы етіп алған. Мысалы: «Таңбасыз тай, еңсіз қой болмайды», «Бір биеден ала да, құла да туады», «Саулықтың жасы үлкен, қошқардың басы үлкен» [Ө. Тұрманжанов, 2004, 440 б]. Қытай тіліндегі мақалдар: «锄头有粪, 越锄越嫩», «锄头有水, 杈头有火», «麦锄三遍没有沟, 豆锄三遍圆溜溜», «春分麦动根, 一刻值千金», «清明前后, 麦掩老鸹» [周乃坤. 1993, 250].

Қытай тілін үйренушілерге мақал-мәтел арқылы екі елдің мәдениетінің ұқсас және айырмашылықтарын да қоса үйретуге болады. Екі елдің мақал-мәтелдерінің ұқсас жақтарына тоқталатын болсақ:

1. Қазақ және қытай мақал-мәтелдерінде еңбекке шақыру, еңбек ету тақырыбы негізгі тақырыптардың бірі. Мысалы, «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей», «Еңбексіз тапқан алтыннан, еңбекпен тапқан жез артық», «Еңбексіз

өмір сөнген көмір». Қытай тіліндегі «不劳动者不得食», «生命不息, 奋斗不止», «少壮不努力, 老大徒伤悲» мақал-мәтелдерімен мағыналары жақын.

2. Екі тілдегі мақал-мәтелдерде достық, дос болу тақырыбы бар: «Айрылмастай

**досыңа қайрылмастай сөз айтпа», «Азаматпен дос бол, қадіріңді біледі».** Қытай тілінде: «不知其人, 视其友», «守道不封己; 择交如求师», «多一个朋友多一条路», «没有信任就没有友».

3. Қазақ және қытай ұлттары бірлік пен ынтымақтастықты насихаттайды, бұл мақал-мәтелде де көрініс табады. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер: «Берекесіздің ауылы – мерекесіз», «Ынтымақты елге ешкім жетпес, ынтымақсыз елдің өкініші бітпес». Қытай тіліндегі мақалдар: «一个篱笆三个桩, 一个好汉三个帮», «人多力量大, 柴多火焰高».

Қазақ және қытай тілдеріндегі көптеген мақал-мәтелдерде тұжырымды айтылмайды, шындық айтылады, ал риториканы қолданатын әдіс жарқын бейнені тудырады, кез келген ерекше бейненің абстрактілі мағынаны көрсетуін талап етеді. Қарама қарсы қою арқылы қазақ және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдердің риторикасы өте айқын көрінеді, метафора анық байқалады. Метафораны, дербестенуді (персонификация), параллелизмді, қайталаулар, антитеза, екі мағына, метонимия, екі жақтылық, аллитерация, рифма, гиперболола, сұрақ қою секілді әдістер мақал-мәтелдің құрылымын шағын етеді, осылайша жарқын бейнеге, әдемі ырғақ, үйлесімді дыбыс және т. б. қол жеткізуге болады. Мысалы қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер: «Кедей өлсе қойылмас, арық өлсе сойылмас», «Досың мың болса да аз, дұшпаның біреу болса да көп», «Борсық ұрған сайын семіреді», борсықтың бастапқыда семіз болмағаны айтылады, денесін ұрса ісінеді, семіретінін көрсетеді, метафора адамның қыңырлығын көрсетіп қолданылып тұр, яғни сендіру қиын. Қытай тіліндегі мақал-мәтелдер: «交人交心, 浇花浇根» (双声, 押韵); «人是混水鱼, 混到哪里算哪里» (讽喻); «读不尽的世间书, 走不尽的天下路» (比喻, 对仗, 押韵) [成世勋. 2000, 200]. Бұл екі ұлттың мақал-мәтелдерге риториканың түрлі әдістері қолданылған, сөйлемдері айқын бейнені көрсетеді, оқығанда интонация бар, ырғақ пен гармония үйлескен ойға шақырады.

Мақал-мәтел толығымен ұлттың жеке тұлғалылығы мен мәдени темпераментін көрсетеді. «Мақал-мәтел әр ұлттың ерекше тарихымен, экономикасымен, өмірімен, дәстүрімен, табиғи ортасымен етене байланысқан» 曾自. 1983. 198]. Мақал-мәтел ұлттың қоғамдық өмірін сақтайды, олар сол ұлттың аймақтық сипаты мен мәдени ерекшелігін жарқын бейнелейді, ерекше сипаттау әдісі арқылы ерекше идеяларды суреттейді. Сонымен қатар, мәдениеттің тілге әсері арқылы қазақ және қытай тілдеріндегі мақал-мәтелдер арасында ерекшелік бар екені білінеді, олардың ерекшеліктері:

1. Қазақ ұлты табиғи географиялық орта әсерінен ертеден көшпелі өмір салтын ұстанған. Кең жайылымды жерлерде өмір сүрген қазақ халқы ұзақ жылдар жылқы, сиыр, түйе, қой бағумен айналысқан. Мал шаруашылығындағы тәжірибелерінде жайылымға шығу, су көзі, көші-қон ауысуы, ауа райының қолайлығы жайлы заңдылықтарды меңгерген, мал бағу, жайылымдарды басқару, үйде бағылатын малдық қорасын жасау әдістері, сонымен қатар әртүрлі мал бағу әдістері мен ерекшеліктерін, мал бағу өнімділігін көрсетеді. Ерекше жайылымдық экономика мен мал бағу мәдениетін жасады, осы мәдени ерекшеліктер қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде жақсы көрініс табады. Мысалы: «Малды жазда айдап бақ, қыста байлап бақ», «Ат жалында, Атан қомында», «Таутеке тауға шықпаса, тұяғы қисаяды», «Сиыр суға, түйе тұзға құмар», «Мал тоңда жатса тулақ, көңде жатса қунақ» және т. б. Қытай ұлты ертеден негізінен кең жазық далада өмір сүрген, осыдан ауыл шаруашылықпен айналысу тәжірибелеріне бай табиғи ресурстармен қамтамасыз етті. Әлеуметтік өмірде ауыл шаруашылығы ең маңызды өндіруші бөлім және таптырмас экономика көзі болды. Феодалды қоғам ауыл шаруашылығына үлкен мән берген, сондықтан қытай тіліндегі мақалдардың көбі осы тақырыпта. Мысалы: «春天一刻值千金, 农事季节不饶人», «七十二行, 庄稼人头一行», «仰面求人, 不如扑面求土», «庄稼要好, 上粪要跑» [阿. 1995, 265].

2. Дін – ерекше мәдени форма, адамзат мәдениетімен үндесіп дамыды, сондықтан діни мәдениет адамзат пен қоғамның ең терең, ең ауқымды әсерін алған мәдени үлгі, оның тілге әсіресе мақал-мәтелге әсері өте үлкен. Қазақ халқы тарихта қарапайым дінге сенген, табиғатқа және ата-бабаға табынған, кейін шаманизм, буддизм және несториан діндері болған. 14 ғ. мен 18 ғ. аралығында Алтын Орда кезеңінде қазақ ұлты ислам дінін қабылдады. Ислам діні насихаттайтын негізгі идеялар мен заңдар «Құран» кітабында жазылған. Көптеген қазақ тіліндегі мақалдар мен мәтелдер «Құраннан» келген, көбісі «Құдай», «Рух» сөздерін негізгі тақырып етіп алған, ислам дінінен белгі қаланды. Мысалы: «Құдай берейін десе, Пайғамбар қыңқ қылмайды» мағынасы-Пайғамбар Құдайға қарсы келе алмайды, «Базар теңгеліге базар, теңгесізге мазар», «Намаз оқысаң қолыңнан құман кетпес, молда болсаң аузыңнан дұғаң кетпес», «Сұрай сұрай Меккеге барары». Қытай ұлтының діни мәдениеті күрделірек, даосизм Қытай елінің діні, ол адамдарға рухани жайлылық береді, мақсаты – қартаймау мен қайта тірілу, бірақ бұл дінге шаруалар наразы болды. Буддизм дінін б. з. д. 1 ғ. миссионерлер мен бизнесмендер Қытайға әкелді, басшының халықты тыныштандыратын тағы бір құралына айналды, сондықтан даосизм мен буддизм қытай ұлтының мәдениетінде маңызды бөлшекке айналды, сонымен «鬼», «道», «佛», «仙», «和尚», «菩



萨» және т. б. сөздер қытай мақалдарына қосылды. Мысалы: «不看增面, 看佛面», «放下屠刀, 立地成佛», «泥菩萨过河, 自身难保», «一人得道, 鸡犬升天», «张果老倒骑毛驴, 把方向走背了», «丈二和尚摸不着头脑», «道高一尺, 魔高一丈». Қазақ және қытай мақал-мәтелдерін салыстыру кезінде қазақ тілі мен ислам дініне байланысты мақалдардың көп екенін байқаймыз, ал қытай тілі мен буддизм және даосизм діндерімен байланысты мақалдар көптеп кездеседі екен. Бұл екі ұлттың бір біріне ұқсамайтын мәдени діни сенімдерін көрсетеді [Аббас, 1995].

3. Ерекше мәдени орта, әртүрлі діни сенім, психологиялық сапа мен мәдени жетістік, барлығы әртүрлі ұлттардың мәдени психологиясы мен ойлау тәсілі жағынан айырмашылықты көрсетеді. Яғни, объективті заттар – ұқсас, бірақ әртүрлі ұлттардың оны тануында айырмашылық болады. Мысалы: қазақ «қара түсті» қолайсыз, нашар түс деп есептейді, ал қытайлық адам қара түсті әділетті түс деп есептейді, «黑包公» – қара сөмке. Қазақ тілінде «көк түс» қатал, суық, сезімсіз символы, ал қытай тілінде керісінше тазалық, жарық, қуанышты мағынада қолданылады. Қазақ және қытай ұлттары ит асырағанды әдетке айналдырған, бірақ итке деген көзқарасы әртүрлі. Қазақ ұлты итті «Ит жеті қазынаның бірі» дейді, қараңғыда малды күзетеді, бір адамның орнын басады дейді, сондықтан қазақтар итті алақанның інжімаржаны дейді, итті құрметтейді. Ит қазақ ұлтының жүрегінде «адалдық», «мықтылық», «табандылық», «қорғаушы» секілді мақтауға лайықты мәдени психологияға тән. Қазақ халқының мақал-мәтелдері: «Итиесі үшін жүгіреді, Құс тамағы үшін ұшады», «Иті сақ қораға бөрі жоламас, иесі сақ қораға ұры жоламас». Қытай ұлтында да ит асырау әдеті болса да, итке деген қарым-қатынасы жиіркену мен жақтырмау, адамдар көбінесе итті жаман адам, жаман іс кезінде суреттеп пайдаланады. Мысалы қытай тіліндегі мақал-мәтел: «狗嘴里吐不出象牙», «咬人的狗不露齿», «狗眼看人低», «狗急跳墙», «挂羊头卖狗肉».

4. Мақал-мәтел бір ұлттың дәстүрлі әдет-ғұрпын бейнелейді, ол халық жазбасы. Әртүрлі дәстүрі бар ұлттың мақал-мәтелі де әртүрлі болады. Қазақ ұлтының тағамға қатысты әдет-ғұрыптары көшпенді өмірмен етене жақын. Ет, шұбат, қымыз, айран, жылқы еті, сүрленген жылқы еті және

т. б. қазақ ұлтының негізгі асы, осы тағам аттары мақал-мәтелінде де өте көп қолданылады. Мысалы: «Сорпа тимес жерден сүйек дәмепте». Бұл мақал ерте кездегі көшпенді өмір сүрген қазақ ұлтының негізгі тағамы – ет болғанын білдіреді. «Тойсаң тәуба қыл», қазақ ұлты тамақ ішіп болған соң ас қайыратын әдеті бар. «Асыққан адам елге қонады, асыққан бүркіт торға қонады» – қазақ ұлты қонақжай халық, таныс немесе танымайтын адам болса да есіктен қайтармайды, үйіне шақырып ет асып тамақ беріп қондырады, әйтпесе сол адамның сынына ұшырайды. «Ер өлсе құны бар, жесір өлсе пұлы бар» – қазақтың дәстүрінде күйеуі қайтыс болғанда, жесір әйел басқа тайпаға тұрмысқа шығу керек немесе өзінің төркініне қайтып бару керек болған, қалыңдықтың бағасына тең малды күйеуінің отбасына қайтару керек. «Адам мен адамды береке жақындатады, ақын мен ақынды мереке жақындатады» – қазақ ұлтында домбырамен ән айтып жүретін әнші халық. Ал Қытай ұлтына келетін болсақ, жоғарыда айтып кеткеніміздей маңыздысы ауыл шаруашылығы, күріш қытай ұлтының негізгі тағамы болып саналады. Соған байланысты мақал-мәтелдер: «当家才知柴米贵», «巧妇难为无米之炊». Сонымен бірге қытай халқының поэзиясы мен сурет өнері мен ушу да мақал-мәтелде көрініс табады, адамдар өндіріспен айналысып қана қоймай, бокспен де шұғылданады, шахмат ойнағанды, опера тыңдағанды жақсы көреді. Мысалы: «打打太极拳, 赛过活神仙», «棋逢对手难相当, 将遇良才不敢骄», «怒画竹, 喜画兰, 不喜不怒画牡丹», «三打七唱黄梅腔, 吴头楚尾一枝花».

Мақал-мәтелді шетел тілі сабағында қолдану шетел тілі мен сол ұлттың дәстүрлі мәдениетін үйретудегі маңызды бөлшек. Мақал-мәтелдердің сипаттамаларын түсіну, мақал-мәтелдің ұлттық мәдени ерекшелігіне мән беру, мақал-мәтелді дұрыс қолдану сәтті қарым-қатынас жасай білудің маңызды кепілі. Қытай тілі сабағында қазақ және қытай ұлттарының мақал-мәтелдерін салыстыра қарастыру арқылы екі ұлттың мәдениетін, дәстүрін, діни сенімін терең түсінуге болады. Сөз мәйегі саналатын мақал-мәтелді шеттілін оқыту барысында ұтымды қолдана білу – тілді меңгерту мен тіл байлығын молайтудың тиімді жолы.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ө. Тұрманжанов. Қазақтың мақал – мәтелдері: ғылыми басылым. - Алматы : Раритет, 2004. – 440 б.
2. 李乃坤. 中外民俗学比较研究. - 济南: 山东师范大学出版社. -1993. -250 页.
3. 曾自立. 英汉谚语概说. -北京: 商务印书馆. -1983. -198 页
4. 成世勋. 试析哈萨克谚语的修辞特点. -伊犁师范学院学报. -2000. -200 页
5. 阿班. 毛力提汗. 哈萨克族谚语中的哲学思想初探. -中央民族大学学报. -1995. -265页
6. 邓炎昌. 语言与文化. -北京: 外语教学与研究出版社. -1989.